**МЕКТЕПАЛДЫ ДАЯРЛЫҚ «В» класындағы балалардың өмірін және тәрбиесін ұйымдастырудың циклограммасы**
**ІІІ апта (17-21 мамыр 2021 жыл)**

**Бекітемін:**
**Оқу ісі жөніндегі орынбасары:** **Аманшеева А.Ж** **Тәрбиеші: Абенова Б.К**

**Өтпелі тақырып**: «Әркашан күн сөнбесін »

| Күн тәртібі | Дүйсенбі 17.05 | Сейсенбі 18.05 | Сәрсенбі 19.05 | Бейсенбі 20.05 | Жұма 21.05 |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау. Ата-аналармен кеңе кеңес, әңгімелесу.** | Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен карсы алу. Балалар үшін қолайлы жағдай жасау. Баланың мектепке келгеніне қуанып тұрғанын сездіру. Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау, баланың жеке пікірін білдіруге баулу. Ата-аналармен баланың денсаулығы, үйдегі күн тәртібі, баланы тәрбиелеу, дамыту және оның жетістіктері туралы әңгімелесу. | | | | |
| **Таңертеңгі жаттығу** | Таңертеңгі жаттығу кешені № 17 | | | | |
| **Ойындар, (үстел үсті, саусақ жаттығулары** | **қ.с № 33 картотека.<br>«Суреттердің жартысын тауып, буынды қосып оқы»** | **т.с № 43 Каротека<br>«Гүлдерді жина»** | **қ.с № 25 картотека.<br>Қайсысы қайда тіршілік етеді?** | **т.с № 5 Каротека<br>«Поезд құрастыр»** | **ш.с № 15 Картотека<br>Суретшіге көмектесеміз** |
| **Мектеп кестесі бойынша ҰОҚ** | **1..Сауат ашу негіздері.**<br>**Тақырыбы:** Х-Һ дыбысы.<br>**ҰОҚ мақсаты:** Х-қатаң дауыссыз дыбысымен танысады, сөз ішінде дыбысталуын ажыратады оны дұрыс дыбыстайды және х дыбысынан басталатын сөздерді айтып сөйлем құрайды.<br>Һ-қатаң дауыссыз дыбысын таниды ,дыбыс артикуляциясын дұрыс айтады және кеспе әріптерден буын құрайды.<br>**П.Ж.О:**«Жасырынған дыбыс»<br>**Шарты**: Қатаң Х.Һ дыбыстарының айтылуы және дыбысталуы мен таныстыру.Жазылымдағы Х,Һ дыбыстарының ерекшеліктерін көрсету,сөздерге дыбыстық талдау жасау.<br>“Жел өтіндегі ағаш”<br>**Құрылымдалған ойын:** | **1.Математика негіздері.**<br>**Тақырыбы:** Жыл мезгілдері. Тәулік уақыты, апта күндері, уақиға тізбегі.<br>**ҰОҚ мақсаты:** Жыл мезгілдерінің, айлардың атауларын олардың реттілігімен атай алады. Апта күндерін атайды. Оқиғалардың уақыт бойынша реттілігін сипаттайтын сөздермен танысады: кеше, бүгін, таңертең, күндіз, кеш, түн.<br>**Педагогтың жетекшілігімен ойын**<br>«Ойлан жауап бер»<br>**Шарты:**Кеш, ерте сөздерін қолдану арқылы оқиғаларды реттілігі бойынша атауды үйрету.<br>**Құрылымдалған ойын:**<br>«Апта күндерін ата»<br>**Шарты:**Түрлі оқиғалар, апта күндері, тәулік | **1.Сауат ашу негіздері.**<br>**Тақырыбы:** Я-Ю дыбысы.<br>ҰОҚ мақсаты: Я-қосарлы дауысты д ыбысымен танысады, жаңылтпаш арқылы тілдері жаттығады.<br>Ю-қосарлы дауысты дыбысмен танысады, мысалдармен түсінеді және сурет бойынша әңгіме құрайды.<br>**Педагог жетекшілігімен ойын:**<br>Әліпби мультипликациялық фильмнен үзінді көрсету.<br>**Шарты:**Адасқан әріптерді орнына қою арқылы мағыналы сөздерді құрайды.Дымбілмеске Х,Һ дыбыстарын үйретеді.<br>**Құрылымданған ойын:**“Бізде қонақта Дымбілмес”<br>**Шарты:**Балалармен бірге Дымбілместің қолын жазуға жаттықтыру.<br>**Еркін ойын:** «Дыбысты ұста»<br>**Шарты:**Әртүрлі сөздер айтылады және «Х,Һ» дыбыстары бар сөздерді естігенде қол соғып, дыбысты ұстап алады.<br>**«Бас бармақ»** тәсілі арқылы бағалау | **1.Құрастыру.**<br>**Тақырыбы:** Күшіктер.<br>**ҰОҚ мақсаты:** Балалар геометриялық пішіндерді қолдана отырып күшіктерді құрастыруға болатыны туралы түсінік алады. Ұқыптылықпен жұмыс жасай білуге тәрбиеленеді.<br>**Педагог жетекшілігімен ойын**«Күшік пен мысық»ертегісі<br>**Шарты:**үй жануарлар жайында күшік пен мысық ертегісін оқып беру.Ойыншық үлгісіне талдау жасату.<br>**Құрылымдалған ойын**<br>«Сүйкімді күшік»<br>**Шарты:**Қағаз цилиндрлерден, оларды қосу әдісімен жануарлардың, пішіндерін жасап құрастырады.<br>**Еркін ойын:** «Күшік пен мысық»<br>**Шарты:**Дайын болған жұмыстарымен ойнау.<br><br>2.Денешынықтыру. | **1.Өзін-өзі тану.**<br>**Тақырыбы:** Бейбітшілік әлемі.<br>**ҰОҚ мақсаты:**<br>Бейбітшілік туралы біледі.<br>**Педагог жетекшілігімен ойын**<br>« Мерекелік от шашу»<br>**Шарты:**Отшашудың көрінісі бейнеленген суреттер арқылы мазмұны мен жұмыс барысымен таныстырып түсіндіру.<br>**Құрылымдалған ойын**<br>«Бейбіт,шуақты күн»<br>**Шарты**;Бұлыңғыр немесе шуақты күнді, мерекелік от шашу суретін бейнелеп салады және тағы басқа қағаздың түсіне сәйкес бояуларды таңдай біледі.<br>**Еркін ойын** «Гүл шоғы»<br>**Шарты;**Бір біріне тілек білдіру арқылы мерекені сезіну. |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | **Құрылымдалған ойын**: Қатаң дауыссыз дыбыстар: "Х,һ"<br>**Шарты:**Жазу кезінде арқаны дұрыс ұстау ережелерін біледі.<br>Дәптермен жұмыс.<br>**Еркін ойын:** «Дыбысты ұста» **Шарты:**Әртүрлі сөздер айтылады және «Х» дыбысы бар сөздерді естігенде қол соғып, дыбысты ұстап алады.<br><br>**2.Жаратылыстану.**<br>**Тақырыбы:** Жануарлар жауыннан қалай қорғанады?<br>ҰОҚ мақсаты: Жабайы жануардардың жауыннан қалай қорғанатыны туралы мағлұмат бере алады. Оларға қамқор жасай білуге тәриелейді.<br>**Педагог жетекшілігімен ойын**:«Суреттер сөйлейді»<br>**Шарты:** Суреттегі жануарлармен аңдарды атайды.<br>**Құрылымдалған ойын**:«Қазақстанда мекендейтін жанурлар»<br>**Шарты:**Қазақстан аумағында мекендейтін жануарларды көк,басқа елде мекендейтін жануарларды қызыл қарындашпен боя.<br>**Еркін ойын:**«Ормандағы аңдар»<br>**Шарты:**жануарлар жауыннан қалай қорғанатынын сәйкестендіру.<br><br>**3.Денешынықтыру.**<br>**Тақырыбы:** Өрмелеп үйренеміз.<br>**ҰОҚ мақсаты:** | бөліктерінің реттілігі туралы білімдерін бекіте отырып,жыл айлары туралы түсініктерін қалыптастыру арқылы, олардың реттілігін біледі және атайды, циферблат бойынша уақытты анықтайды.<br>**Еркін ойын:** «тәулік бөліктері»<br>**Шарты:**Тәулік бөліктерінің атауын бекіту<br><br>**2.Сөйлеуді дамыту.**<br>**Тақырыбы:** Жеңіс мерекесі.<br>**ҰОҚ мақсаты: 9-**мамыр Жеңіс күні туралы мағлұмат алады. батыр ағалар мен апалардың есімдерін атай білуге үйренеді. Еліміздің мақтаныштары туралы әңгімелеу арқылы, өз Отанын сүйе білуге, қорғауға тәрбиеленеді.<br>**Педагог жетекшілігімен ойын**<br>«Жеңіс ардагерлері»<br>**Шарты:** Экран арқылы «Жеңіс ардагерлері» туралы әңгімелеп айтып сұрақ жауап арқылы түсіндіреді.<br>**Құрылымдалған ойын**<br>«Жеңіс күні»<br>**Шарты:**Тәрбиешінің ұсынған тақырыбына жеңіс ардагерлерін құттықтау ашық хатын жасау арқылы сюжеттік және сипаттау әңгімелерін құрау кезінде меңгерген көркем - тілдік дағдыларын қолдана біледі<br>**Еркін ойын**<br>«Ақ көгершін»<br>**Шарты:**Ақ көгершін әнін | **2.Көркем әдебиет.**<br>**Тақырыбы:** Бала-біздің болашақ.<br>ҰОҚ мақсаты: Балалар өлеңді жаттайды және әдеби жанрды ажыратады. Балалар мерекесі туралы өз ойларын айтып, жеткізеді. Балалар достыққа, адамгершілікке тәрбиеленеді.<br>**Педагогтың жетекшілігімен ойын**<br>«Бақытты балалық шақ»<br>**Шарты:** Әңгіме желісін сурет арқылы көрсете отырып, рет-ретімен айту арқылысөйлеу мәдениетін үйретуді жалғастыра отырып әңгімелету.<br>**Құрылымдалған ойын**<br>«Бала біздің болашақ» әңгімесі»<br>**Шарты;**Сөйлеу мәдениетіне үйретуді жалғастыра отырып, таныс емес ортада, көпшілік алдында сөйлей біледі.<br>**Еркін ойын:**<br>«Менің өнерім»<br>**Шарты;**Көпшілік алдына шығып өз өнерлерін көрсетеді.<br><br>**3.Орыс тілі.**<br>**Тақырыбы:** Что вкусно и полезно?<br>**ҰОҚ мақсаты:** Формирование умения составлять предложения, используя предлоги в, на. Задачи: расширять словарь по теме, учить составлять словосочетания: существительные с предлогами, называть свойства предмета; закреплять умение правильно произносить звуки русского языка, развивать внимание, память; воспитывать привычку к здоровому питанию.<br>**И/Р/У «Мяч лови и называй»:** Дети встают в круг. Педагог бросает мяч, называет слова на родном языке по теме прошлого занятия. Дети слушают педагога, ловят мяч, называют предмет на русском языке.<br>***Д/И:*** Педагог достает из синего конверта картинки (картинки разрезаны на две части). Предлагает собрать картинки и узнать, что же прячется в | **2.Денешынықтыру.**<br>**Тақырыбы:** Футбол ойнап шыныға түс.<br>**ҰОҚ мақсаты:** Доппен жасалатын қимылдарды дұрыс жасай білуге жаттығады. Допты жоғары лақтырып, екі қолымен қағып алуға жаттығады. Жаттығудың денсаулыққа пайдалы екенін меңгереді.<br>**ДЖ орындау «теңгерім нүктелері» жаттығуы**<br>Ыңғайлы қалыпта тұрыңдар. Оң қолдың саусақтарымен оң құлақтың артындағы бас сүйек басталатын жердегі шұңқырды батырып басыңдар, ал сол қолды кіндікке қойыңдар. Ішке «энер-гия» тартыңдар. Бір минуттан кейін сол құлақтың артындағы шұңқырды басып, «энергия» жұтыңдар**.**<br>**Футбол**<br>Футбол добын заттар арасымен «жыланша» алып жүру. Әр ко-манданың ойыншысы футбол добын заттар арасымен алып жүреді де, конусты айналып допты түзу алып келеді. Заттарды құлатпай тапсырманы жылдам орындаған команда жеңімпаз атанады. Зал іші мен уақытты ұтымды пайдалану және допты алып жүру – бұл негізгі техникалық әдіс екенін ескерту керек. **«резеңке»**<br>Бірнеше резеңкені жалғап байлайды. Екі ойыншы резеңкені созып, аяқтарымен басып, бір қолын көтеріп, ал біреуін түсіріп айқастырады немесе кез келген тәсілмен белгілі бір айқастырылған «тор» құрады. | сезіну.<br><br>**2.Музыка.**<br>**Тақырыбы:** Ел қорғауға әзірміз.<br>**ҰОҚ мақсаты:** Музыка арқылы балалар патриоттық сезімге тәрбиеленеді. Динамикалық ерекшелікті көрсете отырып, эмоцианалды түрде ән айтып, тынысты дұрыс алады. музыкаға сәйкес заттармен қозғалуды меңгереді. Балалар батырлыққа, жігерлілікке тәрбиеленеді.<br>Балаларды залда **«Балдырғандар маршы»** (К.Қуатбаев) шығармасымен қарсы аламын. Орындарында тұрып, жеңіл ырғақ түрлерімен билейді. Балаларды Панфилов атындағы демалыс паркіне шақырамын. «9 мамыр – Жеңіс күні» мерекесіне автобус көлігіне мініп баруды ұсынамын.<br>**«Ел қорғауға әзірміз»** (К.Қуатбаев, М.Әлімбаев) әнін бірге орындайық. Аялдамадан түскеннен кейін әскери марш ырғағымен жүреді. Бірнеше қатарға тұрып, әскерилердің қимылдарын көрсетеді. Интерактивті тақта, суреттер арқылы Панфилов паркіндегі «Мәңгілік алау» басында жиналған соғыс ардагерлерін, әскерилерді |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Гимнастикалық қабырғаға өрмелей білу жаттығуларын жалғастырады, баумен жүру ережелерін тиянақты орындай білуге тәрбиеленеді<br>Зал ішінде айналып жүріп жаттығуларды орындау кезіндегі қауіпсіздік техникасы туралы балаларға ескертеді, қажет жағдайда сақтандыру шаралары сақталады. **Гимнастикалық сатымен өрмелеу**<br>Саты тақтайшаларын дұрыс ұстауға, қауіпсіздік техникасына көңіл бөлінеді. Дұрыс ұстау – тақтайшаның сыртқы қырынан ұстағанда төрт саусақ жоғарыда, бас бармақ төменде болады. Нұсқау – қол мен аяқтың қозғалысын үйлестіру, тақтайшаларды қалдырмау, сатыдан секірмеу. Бір қатарға аралығы 1 метр қашықтықта орналастырылған кедергі заттар арасымен фитболды домалату.<br>Нұсқау – допты саусақпен көп күш салмай итеру. Шапалақтаған соң екі қолмен допты лақтыру және қағып алу. Нұсқау – допты алдына ұстап алға-жоғары лақтыру, шапалақтаған соң саусақтарды барынша жаза отырып допты қағып алу<br>**Гимнастикалық сатымен өрмелеу –** қол мен аяқты үйлестіре қимылдатуға назар аударылады (алма-кезек қадам). Қауіпсіздік техникасын ескертеді: қимыл-қозғалысты бірқалыпты, асықпай | айтып,сурет салу.<br><br>**3.Сурет салу.**<br>**Тақырыбы:** Қызыл телпек.<br>**ҰОҚ мақсаты:** Ертегі желісі бойынша сурет салуға үйренеді. Бір мазмұнға біріктіре отырып бірнеше заттардың суреттерін бейнелей білуге жаттығады.<br>**Педагог жетекшілігімен ойын**<br>«Қызыл телпек» ертегісі<br>**Шарты:**Сурет желісі бойынша ертегіні айтып береді.<br>**Құрылымдалған ойын** «Ертегілер әдемі»<br>**Шарты:** суреттен ертегі кейіпкерлерін таба біледі.<br>**Еркін ойын** «Қызыл телпек<br>**Шарты:**Ертегіні сахналайды.Суретін салады.<br><br>**4.В/К Ұлттық ойындары.**<br>**Тақырыбы:**<br>«Орамал тастау»<br>**Мақсаты:**<br>Балаларда шапшандық қасиеттерін қалыптастыру. Қимыл-қозғалыс жасау қабілеттерін арттыру.<br>**Педагог жетекшілігімен ойын**<br>«Гүлдер»<br>**Шарты:** гүлдері туралы әңгімелесу арқылы дала гүлдерін күтіп баптауға болама? Сұрақ жауап әдісі арқылы балалардың жауабын тыңдау<br>**Құрылымдалған ойын**: «Гүлге қонды көбелек»<br>**Шарты:** Көбелекті түсіне сәйкес гүлдерге қондырады.<br>**Еркін ойын** | картинках<br>Педагог показывает картинки с продуктами, называет свойства и что можно делать с этими продуктами<br>*Это сахар.* Сахар сладкий. Сахар кладем в чай.<br>Это молоко. Молоко полезное. Молоко нальем в стакан.<br>Это масло. Масло вкусное. Масло намажем на хлеб.<br>Педагог обращает внимание, что при составлении предложений, использовали предлоги «В» и «На». Дети слушают, напоминают, повторяют. **Задание №1**<br>– Рассмотри, что изображено на картинке. Назови одним словом.<br>***Задание №2***<br>– Составь предложения по картинкам, используя предлоги ***в***, ***на***. Проведи линию.<br>Рассматривают картинки, называют: «Это сахар. Это сыр. Это масло. Это яйца. Все это продукты питания».<br>Дети проводят линию, проговаривают: Сахар кладем в чай. Молоко нальем в стакан. Масло намажем на хлеб.<br><br>**4.Музыка.**<br>**Тақырыбы:** Ел қорғауға әзірміз.<br>**ҰОҚ мақсаты:** Музыка арқылы балалар патриоттық сезімге тәрбиеленеді. Динамикалық ерекшелікті көрсете отырып, эмоцианалды түрде ән айтып, тынысты дұрыс алады. музыкаға сәйкес заттармен қозғалуды меңгереді. Балалар батырлыққа, жігерлілікке тәрбиеленеді.<br>Балаларды залда **«Балдырғандар маршы»** (К.Қуатбаев) шығармасымен қарсы аламын. Орындарында тұрып, жеңіл ырғақ түрлерімен билейді.<br>Балаларды Панфилов атындағы демалыс паркіне шақырамын. «9 мамыр – Жеңіс күні» мерекесіне автобус көлігіне мініп баруды ұсынамын. | Осыдан соң резеңкені ұстаған ойыншылар қозғалмай тұрады. Қалған ойыншылардың міндеті: денелерін резеңкеге тигізбей, «тор» арқылы өту<br>Еш жерлерін резеңкеге тигізбей, секіріп те, жүгіріп те өтуге болады. Қолы немесе басқа бір жері резеңкеге тиіп кеткен бала жеңілген болып саналады. Ол резеңке ұстап тұрған бір баланың орнына тұрады<br>**«Менің қолымнан бәрі келеді» психотренингі**<br>Оның формулалары балаларды қиындықты жеңуге ынталан-дыруға бағытталған.<br><br>**3.Жапсыру.**<br>**Тақырыбы:** Мерекелік жалаушалар.<br>**ҰОҚ мақсаты:** Түрлі-түсті қағаздан қабаттап қию арқылы екі немесе үш кескін қиып шығаруға үйренеді. Қағаздарды түр-түсіне қарай іріктеп алу, пішіндерді қағаз бетіне дұрыс орналастыруды меңгереді.<br>Педагог шаттық шеңберін музыка жетекшісінің сүйемелдеуіндегі «Достық» әнімен ұйымдастырады.<br>Сөзі: Е. Елубаевтікі.<br>Әні: И.Нүсіпбаевтікі.<br>– Балалар, көңіл күйлерің қалай? Ал осы мерекелерде ауланы, залды, бөлмені қалай және немен безендірдік?<br>Балалар, бүгін біздің топта мереке! Сондықтан қазіргі оқу қызметінде<br>жалаушаларды қиып, жапсырамыз. | көрсетемін.<br>**Музыка тыңдау: «Жеңіс күні»** әні (Д.Тухманов, В.Харитонов) үнтаспадан тыңдалады.<br>Балаларды елін қорғаған батырлармен таныстырамын.<br>**Би: «Катюша»** әніне көңілдене билеуді ұсынамын. «Мәңгілік алау» басына гүл шоқтарын қоюды көрсетемін. Бір минут үнсіз тұрып, соғыста қаза тапқандарды еске аламыз.<br>**Ән үйрену: «Момышұлы Бауыржан»** (Е.Өміров, С.Тұрғынбеков).<br>Ардагерлерге арнап **«Сарбаздар»**әніне (М.Жәутіков) билеп беруді ұсынамын<br><br>**3.Қауіпсіз мінез-құлық негіздері.**<br>**Тақырыбы:** Судың тазасы-дерттің қазасы.<br>**ҰОҚ мақсаты:** Балалар судың денсаулыққа пайдасы туралы түсінік алады. оны пайдаланудың ережелерін бала бойында қалыптастырады<br>**Педагогтың жетекшілігімен ойын:**<br>"Сиқырлы су"<br>**Шарты: Су** туралы мағлұмат беру,оның пайдасы жайлы түсінік беру.<br>**Құрылымдалған ойын**"Дәрігер Салауаттың кеңестері"<br>**Мақсаты:** судың пайдасы |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | орындау; тақтайшалардан аттап кетпеу,<br>сатыдан секірмеу. Сақтық шараларына көңіл бөлінеді.<br><br>**4.Мүсіндеу.**<br>**Тақырыбы:** Дән терген құс.<br>**ҰОҚ мақсаты:** Құстардың тіршілігі туралы түсінік бере алады, мүсіндей білуге үйренеді. Құстарға қамқорлық жасайды.<br>**Педагог жетекшілігімен ойын**<br>«Құстың ұясы» әңгіме<br>**Шарты:**Суреттерді көрсете отырып әңгіме желісі бойынша құстардың пайдасы туралы айтып түсіндіру.<br>**Құрылымдалған ойын:**<br>«Құстар біздің досымыз»<br>**Шарты:** Құстардың пайдасы туралы олардың табиғатты қорғаудағы бау бақшаны зиянды құрт құмырсқадан тазартып адамға қандай пайдасы бар екенін біледі.<br>**Еркін ойын**<br>«Бұл қандай құс»<br>**Шарты:** Дән терген құсты мүсіндейді. | «Әдемі көбелектер»<br>**Шарты:** Көбелектерді трафареттің көмегімен алады. | **«Ел қорғауға әзірміз»** (К.Қуатбаев, М.Әлімбаев) әнін бірге орындайық. Аялдамадан түскеннен кейін әскери марш ырғағымен жүреді. Бірнеше қатарға тұрып, әскерилердің қимылдарын көрсетеді. Интерактивті тақта, суреттер арқылы Панфилов паркіндегі «Мәңгілік алау» басында жиналған соғыс ардагерлерін, әскерилерді көрсетемін.<br>**Музыка тыңдау: «Жеңіс күні»** әні (Д.Тухманов, В.Харитонов) үнтаспадан тыңдалады.<br>Балаларды елін қорғаған батырлармен таныстырамын.<br>**Би: «Катюша»** әніне көңілдене билеуді ұсынамын. «Мәңгілік алау» басына гүл шоқтарын қоюды көрсетемін. Бір минут үнсіз тұрып, соғыста қаза тапқандарды еске аламыз.<br>**Ән үйрену: «Момышұлы Бауыржан»** (Е.Өміров, С.Тұрғынбеков).<br>Ардагерлерге арнап **«Сарбаздар»**әніне (М.Жәутіков) билеп беруді ұсынамын | **4.В/К Ойнаймыз,ойлаймыз**<br>**Тақырыбы:**<br>**Кім жылдам?**<br>**Мақсаты:**<br>**Оқушылардың қосу және азайту таңбаларын ажытара білуін қалыптастыру.**<br>**Педагог жетекшілігімен ойын**<br>«Жорық жыры»<br>**Шарты:** Сурет топтамасы бойынша өлеңді оқып беру арқылы табиғаттың бөлшектеріне түсіністікпен қарауға, керек жеріне көмек көрсету керек екенін түсіндіру.<br>**Құрылымдалған ойын**<br>«Экологиялық соқпақ»<br>**Шарты:** Табиғат аясына саяхатта болғанда экологиялық соқпақ ұйымдастыру, ағаштар ,гүлдекр отырғызу,құмырсқаның илеуін қорғау сақтық ережелерін қалыптастыру.<br>**Еркін ойын**<br>«Саяхат»<br>**Шарты:**.Таныс өсімдіктердің атауы бойынша соқпақты табу.Кейбір ағаштар мен бұтақтардың сыртқы көріністеріне қарап ажырату | мен зиянын түсіндіреді.<br>**Еркін ойын:**<br>«Дәміне қарай ажырат”<br>**Шарты:** судың дәміне қарай ажыратады.<br><br>**4.В/К Логика әлемі**<br>**Тақырыбы:**<br>**8 саны мен цифры.**<br>**Мақсаты:**<br>**8 санымен және цифрымен таныстыру.**<br>**Педагогтың жетекшілігімен ойын:**<br>«Қайықты теңізге жібер»<br>**Шарты:**Берілген тапсырманы нақты орындау барысын түсіндіру.<br>**Құрылымдалған ойын:**<br>«Қайық» ертегі қалашығына саяхат”<br>**Шарты:**Көрнекі негізінде 7, 8, 9,10 сандарының пайда болғанын біледі.Қызықты тапсырмаларды орындайды.<br>**Еркін ойын: “**Көршісін тап”<br>**Шарты:**Сандардың көршісін табу. |
| **Серуен, бақылау** | **Серуен № 6**<br>**Велосипедті бақылау**<br>**Мақсаты**: велосипедтің қажеттілігі туралы білімдерін тиянақтау. | **Серуен №7**<br>**Құмырсқаларды бақылау**<br>**Мақсаты**:<br>— Құмырсқалар туралы білімдерін тиянақтау;<br>— Зерттеу жұмысына деген қызығушылықтарын арттыру. | **Серуен №8**<br>**Найзағайды бақылау**<br>**Мақсаты**:<br>— «Найзағай» ұғымымен таныстыру;<br>— Табиғат құбылыстары туралы шынайы түсініктерін қалыптастыру; | **Серуен № 9**<br>**Кемпірқосақты бақылау**<br>**Мақсаты**: өлі табиғаттың бір бөлігі ретінде кемпірқосақ туралы түсініктерін қалыптас-тыруды жалғастыру | **Серуен № 10**<br>**Көбелектерді бақылау.**<br>**Мақсаты**: - көбелектер туралы білімдерін молайту: пайда болуы, көбеюі, құрлысы, пайдасы;<br>-барлық тірі табиғатқа қамқорлықпен қарауға тәрбиелеу. |
| **Баланың даму картасы** | Хадиша негізгі қимылдарды орындау техникасын меңгерту; | Әділхан дыбыстарды буынға қосады, сөз тіркесі мен сөйлемді құрастыру | Жасмин қазақ оюларының элементтерін салады және олармен киімдерді, тұрмыстық заттарды безендіреді; | Арай қарапайым мысалдар мен есептерді шешеді, заттардың саны және шамасы бойынша арақатынастарын көрсететін математикалық терминдерді | Сартай салауатты өмір салтының бастапқы дағдыларын игерту |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | қолдану | |
| **Балалардың үйіне қайтуы** | Сандарды тура және кері санату.Ертегіні айтқызу. | Буынға бөліп оқыту,дыбыстық талдау жасау. | ересектер мен жақындарына мейірімділік, сыйластықты білдірте алуды үйрету. | отбасы мүшелеріне өзінің жақсы көру сезімдерін білдіре білуді үйрету. | таныс сюжеттер бойынша ертегілерді сахналату. |